

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 03 шілдеде № 8555 тіркелді.

"Мемлекеттік қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті (Б.Б. Мусин):

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін бұкаралық ақпараттар құралдарында ресми жариялануын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурсында және МОИП-да орналастыруды;

3) осы бұйрықтан шығатын басқа шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің

міндеттін атқарушы

С. Сарсенов

"КЕЛІСІЛДІ:"

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Төрағасы

Ә. Байменов

2013 жылғы 14 маусым

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 08.12.2017 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) көрсетілетін қызметті берушілермен қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізу тәртібін анықтайды.

2. Қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізу дің мақсаты халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау, сонымен қатар мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы көрсетілетін қызметті берушілерге, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына (бұдан әрі - Мемкорпорация), Бірыңғай байланыс-орталығына қызмет берушілерге жолдануы кезінде қызмет алушыларды тиісті ақпараттандыру болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 08.12.2017 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесі – мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде Мемкорпорациясы арқылы көрсету процесін автоматтандыруға және мониторингілеуге арналған ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ХҚКО ҮАЖ);

2) ХҚКО ҮАЖ МО АЖО ішкі жүйесі – ХҚКО ҮАЖ-да мемлекеттік органның автоматтандырылған жұмыс орны.

Осы Қағидада қолданылған басқа ұғымдар мен қысқартулар "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңында және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мағынада қолданылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 08.12.2017 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тaraу. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректерді ХҚКО ҰАЖ-ға енгізу тәртібі

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрінің 08.12.2017 № 426 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қызмет берушіде мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі жөнінде ХҚКО ҰАЖ-ға деректер енгізу үшін көрсетілетін мемлекеттік қызметтер есебі жүргізілетін ақпараттық жүйесі бар болған жағдайда, қызмет беруші Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндеттін атқарушысының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) "Электрондық үкімет" ақпараттандыру объектілері интеграциясының қағидаларында белгіленген тәртіппен өзінің ақпараттық жүйесін ХҚКО ҰАЖ-мен ықпалдастыру жүргізеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.03.2020 № 98/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Қызмет берушіде мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі жөнінде ХҚКО ҰАЖ-ға деректер енгізу үшін мемлекеттік қызметтер есебі жүргізілетін ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда уәкілетті орган қызмет берушілерге ХҚКО ҰАЖ МО АЖО ішкі жүйесін орнатуды жүзеге асырады.

6. Қызмет берушінің ақпараттық жүйелерінде мемлекеттік қызметтің нәтижесін алуға қызмет алушының өтінімі бойынша мемлекеттік қызметті көрсетудің келесі кезеңдері ХҚКО ҰАЖ-да тіркелу және жіберілу қажет:

- 1) қызмет алушыдан қабылданды;
- 2) орындауға жіберілді;
- 3) жұмысқа қабылданды;
- 4) орындалды (өтінім бойынша жұмыстар аяқталды);
- 5) берудің болжалы;
- 6) жабылды (берілді немесе бас тартылды).

7. Мемлекеттік қызметті көрсету кезеңін жіберу бойынша қызмет берушінің ақпараттық жүйесінің ХҚКО ҰАЖ-мен әрекеттесуі кезінде қызмет алушының өтінімінің келесі мәліметтерін жіберу орындалады:

- 1) қызмет алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
- 2) жеке сәйкестендіру нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 3) Мемлекеттік қызмет атауы;
- 4) өтінімнің қабылдау орны;
- 5) өтінімнің қабылдау күні;
- 6) орындаушы;
- 7) өтінімді орындаудың жоспарлы күні;
- 8) орындаудың күні.

8. ХҚКО ҰАЖ-да мемлекеттік қызметті көрсету кезеңі жөніндегі мәліметтер қызмет беруші уәкілетті органның электронды сандық қолтаңбамен куәландырылады.

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушының тікелей ХҚКО ҰАЖ МО АЖО ішкі жүйесі орнатылған қызмет берушіге жолданымы жағдайында, қызмет алушының өтінімі ХҚКО ҰАЖ МО АЖО ішкі жүйесінде қызмет берушінің жұмыскерлерімен тіркелуі қажет. Қызмет алушының барлық өтінімдерінің өндеу және жабу мезгілдері қызмет берушімен ХҚКО ҰАЖ ішкі жүйесінде тіркелуі қажет. Осы кезде қызмет алушының өтінімінің өту кезеңі туралы ақпарат автоматты тәртіпте ХҚКО ҰАЖ-ға келіп түседі.

ХҚКО ҰАЖ МО АЖО ішкі жүйесінде өтінімнің тіркелуі және орындалу кезінде қызмет берушінің жұмыскерлерінің іс-қимыл реттігінің сипаттамасы ХҚКО ҰАЖ техникалық құжаттамада көрсетілген.

10. Қызмет алушының өтінімі қызмет берушінің ақпараттық жүйесінде немесе ХҚКО ҰАЖ МО АЖО ішкі жүйесінде тіркелуі кезінде өтінімді қабылдау нақты күні бекітіледі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындастын занға тәуелді нормативті құқықтық актісіне сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетудің жоспарлы күнін автоматты түрде есептейді.

Қызмет алушының өтінімін одан арғы өндеуі және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру кезінде қызмет алушының өтінімінің барлық кезеңдерінің өтілу нақты уақыты көрсетіледі.

Ескеरту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – КР Цифрлық даму, инновациялар және аэробарыш өнеркәсібі министрінің 18.03.2020 № 98/НҚ (алғашқы реңми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қызмет алушының өтінімінің жоспарлы орындалу күні мен нақты орындалу күні сәйкес келмеген жағдайда автоматты түрде мемлекеттік қызметті көрсетудің мерзімі өткені есептеледі.

12. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдаңың 15-күнінен кешіктірмей, мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бақылау

және бағалау бойынша уәкілетті органға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындастын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді орындау мерзімдерін орталық мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен, аумақтық бөлімдерімен және ведомствоның бағынысты үйымдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, қызмет берушілермен бұзушылықтар саны туралы ХҚКО ҰАЖ арқылы талдамалық есеп береді. Талдамалық есепте мемлекеттік қызметті көрсетудің бекітілген мерзімін бұзушылық саны, мемлекеттік органдар және мемлекеттік қызметтер бөлігіндегі бұзушылық мерзімі, оның ішінде техникалық себептерге байланысты мерзімінің бұзушылықтары ("Ұлттық ақпараттық технологиялар" акционерлік қоғамымен сүйемелдеген ақпараттық жүйелерінің іркілістері) көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.03.2020 № 98/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК